

ӘОЖ 371-307 8:530

Н.С. Әлқожаева, Қ.Б. Жұмабекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: kirmizi 2007@mail.ru**Мектептің тәрбие үдерісіне оқушылардың көзқарасы**

Аңдатпа. Мақалада Алматы қаласы жалпы білім беретін мектептердің 7-11 сынып оқушыларының қоғамдық пікірлері бойынша сауалнама қорытындылары берілген. Қорытынды бойынша келесі мәліметтер: мектеп және мектеп өмірін жалпы қабылдау, мектептегі тәрбие жұмысының түрлі салаларын талдау, Алматы қаласы оқушыларының әлеуметтік әл-ауқаты, оқушылардың бағалы бағыттары, оқушылардың өзекті мәселелері мен оның шешу жолдары, оқушылардың құқықтық санасын тәрбиелеу, оқушылардың болашақ кәсіби бағдары мен еңбекті бағалауы, т.б. мәліметтер көрсетілген. Зерттеу барысында қала аудандары бойынша жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларының контингентіне сәйкес көпсатылы таңдау қолданылған.

Түйін сөздер: тәрбие беру, мектеп, тәрбиелік іс-әрекеттің бағыттары.

Тәрбие үдерісі білім беру ұйымдарының негізгі қызметтерінің бірі. Алайда оның нәтижесін бірден көре алмаймыз, ол белгілі бір уақытты талап етеді. Дегенмен де жасалып жатқан әрекеттердің нәтижесін көру мақсатында арнайы зерттеу жүргізілді. Негізінен, әлемдік әлеуметтік-тарихи тәжірибе мен қоғам талабы тәрбиелеудің негізгі мақсатын анықтауға мүмкіндік береді, яғни, ол жеке адамның жан-жақты дамуы мен үйлесімділігі, қазіргі қоғамда әлеуметтік және кәсіптік қызмет талаптарына даярлау, жеке адамды және оның құндылығын қалыптастыру болып табылады.

Тәрбиелік қатынас арқылы тәжірибе алмасу, оны үйрену, үйрету, пайдалана білу жүзеге асады. Тәрбиелеу барысында біз жеке адам бойына ізгі қасиеттер жиынтығын сіңіруді көздейміз, соған байланысты қызмет көрсетеміз.

Педагогикалық ғылымда тәрбие дәстүрлі тұрғыдан: ақыл-ой, мінез-құлық, адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене шынықтыру бағыттары қазіргі кезде құқықтық, экономикалық, экологиялық, имандылық және азаматтық, т.б. бағыттармен анықталады. Тәрбие үдерісінің

толық және жеке бағыты социумдық деңгейде, әлеуметтік институттарда, жеке әлеуметтік топтарда, жеке өзара және өзіндік тәрбиелеу деңгейінде іске асырылады. Міне, осыған байланысты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультеті жалпы және этникалық педагогика кафедрасы мен Педагогика ғылымдар Академиясы бірлесіп, «Мектептің тәрбие үдерісі оқушылар көзқарасымен» тақырыбында Алматы қаласының мектептерінде зерттеу жүргізді. Оған жалпы білім беретін мектептердегі 7-11 сынып оқушылары мен директордың орынбасарлары, сынып жетекшілері тартылды. Барлығы 854 респондент қатысты.

Зерттеу жүргізу үшін зерттеудің негізгі бағыттары бойынша 91 сұрақтан, ал әлеуметтік демографиялық мәліметтер бойынша 3 сұрақтан тұратын сауалнама дайындалды. Сауалнамадағы жартылай жабық түрде дайындалған 15 сұрақ (16,5%) оқушылардың өзіндік тұрғыдан көрген мәселесін талдау және нәтижесін анықтауға мүмкіндік берді.

Тәрбие мақсаты тәрбиенің белгілі әдістемесі арқылы шешіледі, оның құрылымын

құрастырушылар: педагогтар мен тәрбиешілер болып табылады. Тәрбие әдістерінің классификациялық шарты және тәрбиелеу үлгісінің түрлері және бағыты, тәрбие ортасы, тәрбиелеушінің жасы және тәрбиелеушінің жеке қасиеті немесе тұлғасына байланысты. Осы айтылғандарға байланысты тәрбие үдерісін контекст ретінде қарастыруға болады және ол жетістікке жету үшін әдістердің тиімділік жүйесін жетілдіру болып табылады.

1993 жылы қабылданған тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Тәрбие халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынас дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру» [1] деп анықтама берілген, ал Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігінде: «Тәрбие қоғамдық, өндірістік және мәдени өмірдің белсенді қатынасуымен даярлауды мақсат етіп қойған, жеке адамды қалыптастырудың жүйелі үдерісі» [2] деген анықтама береді. Қазіргі заманда жастармен жұмыс жасаудың жаңа әдістерді, концептуалдық жолдарды және формаларды іздестіру қоғам талабы.

Тәрбие жалпы адами құндылықтарға сүйенеді (бұл бағдарламаның негізін салушылар-

дың бірі В.А. Караковский) [3]. Онда тәрбиедегі негізгі құндылықтар көрсетілген: Жер – барлық тірінің ортақ үйі, отбасы – өз ұрпақтарын тәрбиелейді, туған жер – әр адамның Отаны, физикалық (ой) рухани еңбегі, білім құндылығы, мәдениет құндылығы, бейбітшілік құндылығы, адам құндылығы – мұның барлығы әлемде адамға бағытталған.

Біз тәрбие үдерісі мектепте қаншалықты дұрыс ұйымдастырылып, нәтижелі болып отырғанын зерттеуге тырыстық. Соған байланысты бірнеше сауалдың талдамасына тоқталып өтуді жөн көрдік.

Мысалы, сынып жетекшінің рөлін бағалауға байланысты «Сіздің ойыңызша, сынып жетекшінің сыныпта алатын рөлі қандай?» деген сұраққа келесідей нәтиже анықталды:

– 48,1% оқушылар сынып жетекшілерінің жұмысын жоғары бағалап, оны «екінші анамдай» көремін деп жауап берді;

– «тәрбие мен үлгерімге жауап жеруші және оны қадағалаушы» – 36,8% оқушылар жауап берді;

– көп кездесетін жауап болып «қиын жағдайда көмек беруші, жолдас» – 19,5% таңдау жасады.

Жалпы нәтиже төмендегі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – «Сіздің ойыңызша, сынып жетекшінің сыныпта алатын рөлі қандай?»

№	Жауап беру нұсқасы	%
	«Екінші анамыз»	48,1%
	Тәртіп пен үлгерімді қадағалаушы	36,8%
	Қиын кездерде көмек беруші жолдас	19,5%
	Уақытты өткізуді ұйымдастырушы	17,3%
	Басқасы	3%
	Жауап беруге қиналғандар	4,5%

Сауалнама берушілердің арасынан сынып жетекшілеріне сенім білдіретін оқушылар пайызы – 89,5 болса, 69,2% толық сенетіндігін, ал 20,3% «кейде» деген жауапты таңдаған.

Сонымен қатар «Сынып жетекшімен өткізген уақыт сізге ләззат алып келе ме және бұл қаншалықты шындыққа жанасады?» деген сұраққа оқушылардың 56,6%-ы өздерінің оң

жауабын берсе, 33,1%-ы толықтай келіспеді. Ал оқушылардың 10,5%-ы «жок» жауабын таңдады. Мұнда да ойланатын нәрсе көп.

Мұғалімдермен қарым-қатынасқа байланысты, «Мұғалімнің сізге деген қарым-қатынасы ұнай ма?» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 70%-ының жауабы нақты «иә» деген болса, 12,3%-ының көңілі толмайды, ал 17,3%-ы жауап беруге қиналады.

«Мұғаліммен қаншалықты жиі кикілжіңге келесіз?» деген сұраққа жауап берген оқушы-

лардың нәтижесі төмендегідей сипат алды, ол 2-кестеден көрініс табады.

2-кесте – «Мұғаліммен қаншалықты жиі кикілжіңге келесіз?»

№	Жауап беру нұсқалары	%
	Жиі	12,0%
	Анда-санда	54,9%
	Ешқашан	33,1%
Қорытынды		100%

Өлеуметтік қарым-қатынастың құрамды әрі маңызды бөлігі коммуникация болып табылады [4,5,6]. Соған байланысты «Кіммен қарым-

қатынасқа түскеніңіз ұнайды?» деген сауал қойылып, кесте арқылы сипатталды (3-кесте).

3-кесте – «Кіммен қарым-қатынасқа түскеніңіз ұнайды?»

№	Жауап беру нұсқасы	%
1	Қыздармен	34,5%
2	Ұлдармен	21,1%
3	Мұғалімдермен	2,3%
4	Басқасы (жауап берілмеген)	3,0%
5	Басқасы (достарымен таныстарымен)	8,20%
6	Басқасы (сыныптастарымен)	4,70%
7	Көп жауап (1,2,3)	22,5%
8	Жауап жоқ	3,7%
Қорытынды		100%

Жоғары және төменгі сынып оқушыларымен өзара қарым-қатынастары бойынша үш сұрақ құрылған болатын:

1. Төменгі сыныпта достарыңыз бар ма?
2. Жоғары сыныптарда достарыңыз бар ма?
3. Жоғарғы сынып оқушыларымен ортақ тіл табысуға қиналатын кездеріңіз бола ма?

«Жоғарғы және төменгі сынып оқушыларымен өзара қарым-қатынас» диаграммасындағы мәліметте 69,9%-ы төменгі сынып оқушыларымен достасатындығын көрсетеді. 81,9%-ы жоғарғы сынып оқушыларымен достық қарым-қатынаста екендіктерін білдірді (4-кесте).

4-кесте – «Төменгі сыныпта және жоғары сыныптарда достарыңыз бар ма?» сұрағының жауаптарын талдап көрсету (% – қатысушылардың жалпы санынан)

№	Жауап нұсқалары	Жоғарғы сынып оқушылары, %	Төменгі сынып оқушылары, %
	Иә	81,9%	69,9%
	Теріс жалпы нәтиже, соның ішінде	13,5%	27,8%
	Жоқ	12,7%	21,1%
	Олармен араласпаймын	-	6,7%
	Өзіммен жастылармен ғана араласамын	0,8%	-
	Басқа жауап	4,5%	2,2%
	Барлығы	100%	100%

Өзара байланысты тәуелділікті есепке ала отырып талдау барысы оқушылардың 60,9% достарының жоғарғы және төменгі сыныптарда оқитындарын көрсетті.

Эмпирикалық мәліметтерді талдау барысында оқушылар арасында өзінің сыныбынан 1-2 жасқа үлкен жастағы балалар, көп жағдайда жоғарғы сыныппен, яғни өздерінің құрдастарымен дос екендігін байқатты (38,7% сауал). Әрине, бұл аса маңыздылық танытпайды, дегенмен де бұл да анықталды.

Алынған мәліметтің шынайылығы «Жоғарғы сынып оқушыларымен ортақ тіл табысуға қиналатын кездеріңіз бола ма?» деген сұрақ арқылы дәлелденді. Бұл сұраққа нақтылық «иә» деген дауыс 14,3%- ды құрады.

Оқушылардың өздерін жиі мазалайтын және оларды ойландыратын негізгі мәселелерін анықтау және оны шешу жолдары бірнеше сұрақтар төңерегінде анықталды.

Жоғарғы сынып оқушыларының 44,3% алаңдататын бірінші мәселе болашақ мамандық таңдау болып табылды.

Екіншісі – жеке мәселелер (32,3%) және мектеп үлгерімі (27,1%).

Қарым-қатынас аумағындағы мәселелер 8,2% оқушыны қамтыды: соның ішінде 6,0% ата-аналарымен түсініспеушілік, ал 2,2% өз құрдастарымен туындаған мәселелер деп көрсетті.

Оқушылар мәселелерінің нақтылығы «Қандай жеке мәселелер Сізді көбірек мазалайды?» (5-кесте) және «Мектепте сізді не алаңдатады (үрейлендіреді)?» (6-кесте) сұрақтарына жауап беру барысында жүзеге асырылды.

Бірінші мәселе бойынша – 47,3%-ы оқу үдерісінде туындаған түрлі қиындықтар болды десе, 38,3%-ы айтарлықтай жеке мәселелер жоқ деп көрсетті.

5-кесте – Оқушылардың жеке мәселелерін таратып көрсету (% – қатысушылардың жалпы санынан)*

№	Жауап нұсқалары	%
	Оқудағы қиындықтар	47,3%
	Ата-анаммен өзара нашар қарым-қатынастар	4,5%
	Мұғалімдермен өзара қарым-қатынастың нашарлығы	5,2%
	Ешқандай мәселелер жоқ	38,3%
	Басқа мәселелер (жауап нақты емес) және жауап жоқ	6,0%

Қарым-қатынас аймағындағы мәселелерде оқушылардың 4,5%-ы ата-аналармен қарым-қатынас және 5,2%-ы мұғалімдермен қарым-қатынас деп көрсеткен.

6-кестедегі ақпарат, жоғарғы сынып оқушыларының 15,7%-ы мұғалімдермен өзара қарым-қатынас нашар деп көрсетті. 14,2%-ын мектеп директорымен қарым-қатынас алаңдатады.

6-кесте – Оқушылардың алаңдаушылықтары (үрейленетін) мен мәселелерін деңгейлеп көрсету (% – қатысушылардың жалпы санынан)

№	Жауап нұсқалары	%
	мектептің мұғалімдері	15,7%
	мектеп директоры	14,2%
	жоғарғы сынып оқушылары	2,2%
	сыныптастар	3,0%
	жауап беруге қиналамын	64,7%
Барлығы		100%

Жауап берушілердің 64,7%-ы «Мектепте сізді не алаңдатады (үрейлендіреді)?» деген сауалға жауап беруге қиналды. «Мәселелер жоқ» деген нұсқаның болмауынан, оқушылардың әлеуметтік және тұлғалық өзара қарым-қатынасының тұрақты және позитивті сипатта екендігін байқауға болады.

Жүргізілген зерттеу қорытындысы бойынша мектептегі тәрбие жұмыстарының сипаты мен бағыттары, сондай-ақ Алматы қаласы оқушыларының әлеуметтік өзіндік жағдайларын бағалау туралы келесідей негізгі тұжырымдар жасауға болады. Біздің қуанатын да, ойланатын да мәселелеріміз баршылық. Әсіресе олқылықтарға мән берілуі тиіс.

Алынған тұжырым тұтастай алғанда оптимистік тұрғыда болды – сауалнамаға қатысушылардың басты ұстанымы – «Оқу болашақ өмір үшін қажет» (79,7%).

Жоғары сынып оқушылары білім беру үдерісінде ғана емес, сондай-ақ мектеп өміріне де белсенді араласады.

Оқушылардың 80,5%-ының мектеп өміріне араласуға өз-өздерін бағалаулары айтарлықтай жоғары.

Жоғары сынып оқушыларының 81,9%-ы мәдени шаралардың жүргізілуіне қызығушылық танытып, өздерінің оң көзқарастарын танытуда. Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі мектепте жүргізілетін тәрбиелік іс-шараларға жақсы

көзқараста екендіктерін білдірді (55,6% – «иә», 26,3% – «кейде»).

Мектеп үйірмелеріне қатысатын оқушылардың жалпы пайыздық көрсеткіші 68,1% құрады, сондай-ақ спорт секцияларына қызығушылық танытатындар – 29,3%. Одан кейін көркем іс-әрекеттер мен шығармашылықтың алуан түрлі бағыттары бойынша үйірмелерге қызығушылық танытатындар болды (соның ішінде би, музыка, вокал).

Түрлі шараларға қатысатындығы туралы сауал бойынша келесі мәліметтер айқындалды: байқаулар – 30,1%; мектеп кештері – 29,3%; сенбіліктер – 18,8%; сынып сағаттары – 10,5%.

Спорт шараларына – 63,9% оқушылар қатысады.

Мәдени шараларды ұйымдастыруға қызығушылық танытатын оқушылардың жетістіктерін есепке ала отырып, мектепте кейбір әлеуметтік-тәрбиелік жұмыс бағыттарын жетілдіру қажеттігіне тоқталсақ:

– 33,8% оқушы сынып жетекшілерімен ешқашан кинотеатрға бармағандарын көрсетті;

– оқушылардың 1/3 бөлігі мұражай, экскурсиялардың ұйымдастырылмайтындығын көрсетті;

– 50%-ы мектепте жазушылармен, ғалымдармен және зиялы қоғам қайраткерлерімен кездесулер үнемі ұйымдастырылып тұратынын білдірді.

Зерттеу жұмысының барысында оқушылармен жүргізілетін көптеген өзекті бағыттардың ішінде шылым шегумен, нашақорлықпен күресу туралы, сондай-ақ қарым-қатынас мәдениеті мен толерантты мінез-құлық негіздерін қалыптастыру мәселелері бойынша дәрістер және сынып сағаттарының жүргізілетіндігіне көңіл бөлінді.

Бұл бағыт бойынша мектеп жұмысы белсенді атсалысуда, бірақ кейбір олқылықтар байқалады:

– 38,3% оқушы үшін «Өз-өзінді ұстай біл» тақырыбында сынып сағаты жүргізілген;

– оқушылардың көрсеткіші бойынша нашақорлық және оның қауіп-қатерлері туралы ақпараттардың жеткіліксіз екендігі байқалды;

– 27,1% оқушы темекі шегудің зияндылығы туралы сынып сағаттарының жүргізілмегендігін көрсетті.

Зерттеу нәтижесі бойынша, сауалнамаға қатысқан оқушылардың 48,1%-ы сынып жетекшісінің іс-әрекетін «екінші ана» нұсқасын таңдау арқылы жоғары бағалады.

Дегенмен бағалаудың негативті аспектілерін де көрсетуге болады:

– 10,5% оқушы сынып жетекшісіне сенім артатындығы туралы сұраққа «жоқ» деп жауап берген.

– 12,3%-ы мұғалімдердің қатынасына риза еместіктерін және коммуникативті ортада олармен үнемі (12%-дан астам) келіспеушіліктер болатындығын білдірді.

– тек 2%-ға жуығы келеңсіз жағдайларда мұғалімдер мен мектеп басшылығынан қолдау күтетіндіктерін білдірді.

Қорыта келе, оқушылардың басым көпшілігі білім берудің жоғары деңгейлігі мен болашақ кәсіби жетістікке бағытталғандығын атап айтуға болады.

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі қиындық туындаған сәттерде жағдайды толық талдап, мәселенің шешімін іздейтіндігін көрсеткен – 85,7%.

Кікілжінді жағдаятты шешу жолдарын көрсету бойынша оқушылардың көзқарасы өз-

ара мағыналас екі жауапқа бөлінген: 49,6%-ы сыныптағы келеңсіздіктер достық жолмен шешіледі десе, оқушылардың бұдан сәл аз бөлігі – 32,3%-ы өзара келісіммен шешілетіндігін көрсетті.

Оқушылардың жалпы әлеуметтік ахуалын бағалай келіп, жауап берушілердің 70%-дан астамы мектеп өміріне қанағаттанатынын атап айтуға болады, сондай-ақ 46,6%-ы мектептің нарықтық экономика жағдайларындағы еңбекке даярлығы айтарлықтай жоғары деп есептейді және шамамен сондай бөлігі (48,8%) болашақта білімдерін жалғастыруға дайын және мектепті аяқтағаннан кейін жұмыссыз қалатындарына қорықпайтынын көрсетті.

«Болашаққа қандай сезіммен қарайсыз?» деген сұраққа жауап берушілердің 2/3-тен астамы өз бағаларына оптимистік тұрғыда қарайды – 67,7%. Болашаққа сенімсіздікпен қарайтындар 14,3% құрайды.

Оптимистік, жалпы алғанда, жастарға тән және сауалнама нәтижелері дәстүрлі көзқарасты тұжырымдайды.

Негізінен, зерттеу нәтижесі қазіргі кездегі оқушы, сынып жетекшісі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары және мектептердің бейнесін көрсете алды.

Әдебиеттер

1 Тәлім-тәрбие тұжырымдамасы // «Қазақстан мектебі». – 1993.

2 Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. – Алматы, 1994.

3 Караковский В. А. Воспитательная система школы: Педагогические идеи и опыт формирования. – М., 1991.

4 Виноградов М.Д., Первин И.Б. Коллективная познавательная деятельность и воспитание школьников. Из опыта работы. – М., 1977.

5 Амонашвили Ш.А. Воспитательная и образовательная оценки учения школьников. – М., 1984.

6 Загвязинский В.И. Движущие силы учебно-воспитательного процесса. – Тюмень, 1978.

Н.С. Алгожаева, К.Б. Жумабекова
Взгляд школьников на воспитательный процесс в школе

В статье представлен анализ опроса общественного мнения школьников 7-11 классов общеобразовательных школ г. Алматы. В результате опроса были получены данные об общем восприятии школы и школьной жизни; проанализированы различные аспекты воспитательной деятельности в школе; социальное самочувствие школьников; ценностные ориентации школьников; медиапредпочтения школьников; проблемы школьников и пути их решения; дисциплина и воспитание правового сознания школьников; оценка труда и будущие профессиональные ориентиры школьников.

В рамках исследования была использована квотная случайная многоступенчатая выборка, пропорционально контингенту обучающихся в старших классах дневных общеобразовательных школ по районам города.

Ключевые слова: воспитание, школа, направления воспитательной деятельности.

N. S. Algozhaeva, K.B. Zhumabekova
Opinion of pupils in the upbringing process in school

The article presents the analysis of the public opinion poll pupils of 7-11 classes of secondary schools of the city Almaty. The survey was obtained data about the General perceptions of school and school life; different aspects of educational activities in the school; social well-being of schoolchildren of Almaty; value orientation of schoolchildren; медиапредпочтения school children; the problem of students and ways of their solution; discipline and education of legal consciousness of pupils; the evaluation of labour and future professional guidance of pupils. In the framework of the research was used квотная multi-stage random sample in proportion to the number of students in senior grades of General education day schools in the areas of the city.

Keywords: education, the school, the areas of educational activity.